

Павлодар педагогикалық университеті, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеген 7М01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының білім беру бағдарламасын сараптау

Білім беру бағдарламасы 7М01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша магистрлерді ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағытта даярлауға арналған. 7М01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті (Жоғары оку орнынан кейінгі білім) КР МЖМБС 7.09.140 -2010 бойынша құрастырылған. Магистратураның ББ бойынша окуды бітірген түлғаға 7М01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бейіндік бағытта «білім магистрі» (1жылдық) және ғылыми және педагогикалық бағытта (2жылдық) «педагогика ғылымдарының магистрі» деген академиялық дәрежесі беріледі.

Білім беру бағдарламасын жасау барысында негізгі шарттар мен әзірленуіне қойылатын талаптар сакталған. Бағдарламаның негізгі мазмұнын теориялық оқыту, кәсіби практика, магистрлік диссертацияны қоса орындастырып ғылыми/эксперименттік зерттеу жұмысы құрайды. Білім беру бағдарламасының мазмұны жоғары оку орнынан кейінгі жалпыға міндетті білім беру стандарты мен типтік оку жоспары негізінде дайындалған жұмыс оку жоспарына сай. ЖОО-мен типтік оку жоспарына магистранттарға балама элективті оку пәндерін таңдауға мүмкіндік беретін элективті пәндер каталогы жасалған.

Теориялық оқыту міндетті және таңдау компонентінен құралады. Міндетті компонент пәндер тізімі мен оған сәйкес кредиттердің минималды көлемі магистратура мамандығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған. Таңдау бойынша пәндер тізімі мен оған сәйкес кредиттердің минималды көлемі жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына сай.

Білім беру процесінде барлық оқу, бақылау шаралары, практикалар, демалыстар ұзақтығы мен мереке күндері білім беру ұйымының басшысы бекіткен академиялық күнтізбеде көрсетілген.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандарына шетелде қолданылатын және құрастырылған теориялар мен әдістер жөнінде, сонымен қатар мамандану саласын ұйымдастыру жөнінде өзекті, заманауи білім беру басшылыққа алынған.

ББ-да мамандыққа байланысты барлық талаптар мен міндеттер басшылыққа алынып, сапалы түрде игеру жолға қойылған.

Мамандыққа даярлау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған, Болон декларациясының негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып жасалынған кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүргізіледі. Мамандықтың ББ-сы кредиттік оқыту жүйесінде, модульдік технология бойынша жасалған. Кредиттер ECTS үлгісі бойынша есептеліп, ББ-сы модульдік негізде құрастырылған. Кредиттерді ECTS үлгісі бойынша есептеу академиялық ұтқырлықты ұйымдастыруда, Қазақстандағы кредиттік

технологияны бағалау шкаласы мен ECTS және ББ-ны сәйкестендіруде, ББ-ны модульдік құрастыруда өз нәтижесін берген.

ББ-да әртүрлі деңгейлі білім бағдарламаларының (бакалавриат-магистратура) үздіксіздігі, соның ішінде пәндердің өзара академиялық байланысы мен бірізділігі байқалады. 6B01710 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген түлек 7M01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша магистратурада білімін жалғастыра алады. Пәндердің академиялық өзара байланысының қысынын қолданыстағы пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесі арқылы көруге болады.

ББ-да мамандыққа байланысты оқытылатын пәндер логикаға сәйкес, педагогиканың талаптарына сай женілден күрделіге қарай өрістей тізбектелген. Әр пән бойынша оку нәтижелеріне қойылатын талаптар мемлекеттік стандартта көрсетілгендей *түсінігі* болуы керек, *білуі* керек, *істей* *білуі* керек, *дағдысы* болуы керек, құзіреттілігі болу керек деген мақсаттарға сай. Сонымен қатар осы айтылған жайлар әр пәннің жұмыс оку бағдарламасында нақты көрсетілген.

Мамандыққа байланысты оку пәндері кәсіби білім мен кәсіби шеберлікке байланысты іріктеліп алынған. Мемлекеттік стандартта көрсетілген міндетті пәндер, ЖОО басшылығының бекітуімен көрсетілген таңдау пәндері де кәсіби құзіреттілікке бағытталған.

Оку пәндерінің мазмұны өзекті, заманауи, жаңа ғылыми ағымға сәйкес.

Шәкәрім университеті,
ф.ғ.к., Қазақ тілі мен
әдебиеті және журналистика
кафедрасының
доценті м.а.



Курмамбаева К.

Курмамбаева Кодекс жаһалғастайтын	
HR-менеджменті және ККС бастығы	
« _____ »	20 ж.